

Тағылым

Көрнекті ғалым

Қазақ тіл білімінің көрнекті маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты атақты Әсет Болғанбайұлы биыл 84 жасқа толар еді. Ғылым докторы, профессор және Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты сияқты атак-дәрежелерге Әсекең оңайлықпен жеткен жоқ. Ұзақ жылдар бойы көз майын тауысып ізденудің, үзбей еңбек етудің нәтижесінде ғана кол жеткізді.

Әсет Болғанбайұлы 1928 жылы Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы Қараменде би ауылында дүниеге келген. Әсет жас тайынан өмірдің талай ауыртпалығын басынан өткізді. Бес жасында әкесіз қалып, үлкен ағасының қолында тәрбиеленеді. Соғыс кезінде 12-13 жасында өгіз айдап, жер жыртады. Басқада жұмыстар атқарып, өмірдің ащы-ітұшы дәмін татады. 1947 жылы Қарқаралы педучилищесін үздік бағамен бітіріп, қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, оны тәмамдаған соң, 1952 жылы Қазақстан Ғылым академиясының Тіл білімі институтына жұмысқа орналасып, өмірінің соңына дейін 47 жылдан аса жемісті еңбек етті.

Ғалымның көп ізденіп, атак, дәреже алған еңбектері - қазақ тіл білімінің лексикология мен лексикография саласында жазған монографиялық жұмыстары. Ол алғаш қазақ тілі біліміндегі әлі зерттелмей, қолға алынбай жатқан тың, күрделі саласының бірі - синонимдер мен оның варианттылығын зерттеуді қолға алды. Профессор Ғ.Мұсабаевтың жетекшілігімен жазылған «Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер» атты кандидаттық (1956), «Қазақ тіліндегі синонимдер» (1972) деп аталатын докторлық диссертациялар еді. Тұңғыш рет 1962, 1975, 1998 жылдары «Қазақ тілінің синонимдер сөздігін» шығарды. 2005 жылы «Синонимдер сөздігінің» толықтырылған, өң-

деліп жетілген басылымы жарық көрді.

Білікті ғалым қазақ тіл білімінің өсу, кемелдену тұсында қолға алынып, зерттеліп жатқан ұжымдық еңбектер мен зерттеулерге қатысып, қазақ тілі білімінің дамуына үлкен үлес қосты. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 2 том (1961), «Абай тілі сөздігі» (1968), он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне (1974-1986) қатысқан белді авторларының бірі болды. 1988 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Одан кейін шыққан бір томдық түсіндірме сөздікке қатысты.

Екі рет басылып шыққан (1979, 1988) жоғары оқу орындарына арналған «Қазақ тілінің лексикологиясы», сондай-ақ «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» (Ғ.Қалиұлымен бірге) еңбектерімен қатар қаламынан жүздеген мақалалар жарық көрді.

Ғалымның ел сыйлап құрмет ететін бір қасиеті - қазақ тілін жетік білетіндігінде. Сөйлегенде сөздің майын тамызып, мақал-мәтелдеп жұртты өзіне бірден тартып, баурап алатын ділмар шешендігінде. Сөздің төркінін жете танып, оның мағынасын тез аңғара білуінде. Қандай ортада сөйлесе де сөз күдіретін сақтай отырып, оны орынды білуінде. Естіген қанатты, ұтымды сөздерді қалт жібермей, жазып алып, жадына сақтай білетін. Мұндай қасиет кімге болса да жастайынан өскен ортада қалыптасатын болса керек.

Сөз жоқ, әр сөздің мағынасын терен түсініп, оның мазмұнын оқырмандарға жеткізе білу үлкен шеберлікті, білімділікті керек етеді. Бұл да лексикограф ғалымның бойына туа біткен таптырмайтын сирек қасиеттің бірі деп білеміз.

Әсеттің өзіне тән бір ерекшелігі - оның әділетті сүйетіндігі. Қайсыбір мәжілісте, жиында болсын ол ешкімнен жасқанбай, жалтақтамай, тура жолдан таймай батыл сөйлеуші еді. Бұл да ғалымның бойына біткен, жастар үлгі алатын жақсы қасиеттің бірі.



Ғалым ерінбей-жалықпай еңбек етудің арқасында ғылымның шырқау шыңына шығып, көптеген ғылыми еңбектер жазып, өзімен бірге жұмыс істейтін зріптестеріне ақш-кеңес беріп отыратын кәдірлі замандастарымыздың бірі еді.

Әсекеңнің қажымай-талмай осыншама еңбек етіп, артына өшпес мұра қалдыруына себеп болған алтын асықтай үш ұл сыйлап, олардың тату-тәтті жанұя болып өсуіне ұйытқы болып отырған өмірлік жұбайы, әрі ақылшысы сабырлы, парасатты Банудың да сіңірген еңбегі аз болмаса керек.

Қазақ тіл білімі ғылымына қомақты үлес қосқан көрнекті ғалым Әсет Болғанбайұлының еңбектері үлгі, өнеге деп білеміз. Сондықтан да осы мақалада қазақ тіл біліміне қомақты үлес қосып, елеулі еңбек сіңіріп, құнды-құнды сөздіктер, монографиялық еңбектер жазып артына із қалдырған, елі мақтан тұтарлық әйгілі ғалым Әсет Болғанбайұлының халқына сіңірген еңбегімен туып-өскен ортасына, жерлестеріне таныстыра кетуді жөн санадық.

**О.Накысбеков,
А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының бас
ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының
докторы, профессор
(Президент және халық
газетінен)**